2. Қауіпсіз іс-қимыл диалогы (бұдан әрі - ҚҚД) еңбек қауіпсіздігі саласындағы келесі құралдар жиынтығынан тұрады: жұмысты тоқтату, салдарсыз оқиғалар және өндірістік қауіпсіздікті бақылаудың қолданыстағы түрлеріне қосымша болып табылады, жұмыс орындарындағы қауіпті іс әрекеттер мен қауіпті еңбек жағдайларын, қауіпсіздік талаптарынан ауытқуларды, сондай ақ олардың себептерін анықтауға, болдырмауға және алдын алуға бағытталған.

3. Осы Қағида «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында (бұдан әрі - Компания және ЕҰ) өндірістік қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін жоғарылатудың элементі болып табылады.

4. Қағиданың күші Компанияға және 100% дауыс беруші акциялары (қатысу үлестері) меншік құқығында тікелей Компанияға тиесілі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ЕҰ таралады.

2. Ұғымдар мен қысқартулар

5. Осы Қағидада келесі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

- | | |
|---|--|
| ҚӘ | - қауіпсіз әрекет |
| ҚЖ | - қауіпсіз жағдайлар |
| Ішкі жаттықтырушы | - өндірістік қауіпсіздік саласындағы стандарттарды іске асыру бойынша семинарлар мен тәлімгерлерлікті дербес жүргізуге дайындалған Компанияның және ЕҰ қызметкері |
| Компания және ЕҰ | - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары |
| Қызметкер (-лер)дің қауіпті іс-әрекеті | - қауіпті немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерінен оладың кәсіби ауруы немесе жарақаттануын тудыратын қызметкердің немесе қызметкерлер тобының (жұмысты орындау кезінде) |

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасы

1.0 редакция

25 беттің 4-беті

Қауіпті жағдайлар	- қауіпті іс-әрекеті - жазатайым оқиғаға немесе жарақатқа әкелетін еңбек жағдайлары
ҚЖ	- қауіпті жағдайлар
ҚӘ	- қауіпті іс-әрекеттер
Қауіпсіз іс-қимыл диалогы	- қызметкермен өндірістік қауіпсіздіктің аспектілері туралы әңгімелесу арқылы оның жұмысты орындау кезіндегі іс-әрекеті мен мінез-құлқын, жұмыс орнын бақылау процесі
ҚҚД	- қауіпсіз іс-қимыл диалогы
БҚМ	- басшы, қызметші, маман (цех, бөлім, учаске бастығы, аға шебер, шебер, бас технолог, технолог, бас энергетик және т.б.)
Өндірістік қауіпсіздік қызметі	- функциясына Компанияның өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатын іске асыруды қамтамасыз ету жататын Компанияның басқарудың барлық деңгейлеріндегі құрылымдық бөлімшелері және ЕҰ
ЖҚҚ	- жеке қорғану құралдары
ҚҚД орындаушы	- қауіпсіз іс-қимыл диалогын жүргізетін қызметкер
Салдарсыз оқиғалар	- күйреуге, апатқа, жазатайым оқиғаға алып келмеген, адамдардың денсаулығына зиян келтірмеген, бірақ әлеуетті түрде аталған салдарларға алып келуі мүмкін оқиға
СО/Near Miss	- салдарсыз оқиғалар/Near Miss
Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату	- жұмысты тоқтату құқығын іске асыру процесі дегеніміз бар проблемаларды шешу мақсатында тоқтатуды, хабарлауды, түзетуді және қайта бастауды білдіреді
Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығы	- әр қызметкерге оның пікірі бойынша қауіпті жағдай байқалған кезде жұмысты тоқтату құқығын беретін әрекет
ҚБ және ЕҰ	- құрылымдық бөлімшелер және еншілес

ЖТ	ұйымдар
ӨҚБЖ	- қауіпсіз емес жұмысты тоқтату - өндірістік қауіпсіздіктің біріктірілген жүйесі

3. Оқытуға қойылатын талаптар

6. Осы Қағиданы қолданбастан бұрын Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ қызметкерлері қадағалау және сұхбаттасу дағдыларын игеруді көздейтін оқудан өтуі тиіс.

7. Корпоративтік, желілік, өңірлік деңгейдегі басшыларды оқыту бекітілген графикке сәйкес ақпарат күнінде жүргізіледі.

8. БҚМ оқытуды ішкі жаттықтырушылар Компанияның жеке жергілікті актісінде белгіленген тәртіппен оқыту бағдарламасына сәйкес Қоғамның және ЕҰ тораптық, өңірлік және желілік деңгейлерінде жүргізеді.

9. Басқарудың барлық деңгейінің басшылары соңғы оқу күнінен бастап, кем дегенде үш жылда бір рет кезеңділіпен жүйелі негізде ҚҚД оқытудан өтеді.

4. Жауапкершілік пен өкілеттіктер

10. ҚҚД бойынша оқытуды Компанияның желілік деңгейі құрылымдық бөлімшелерінің және ЕҰ басшылары ұйымдастырады.

11. Егер Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ басшылары персоналдың қауіпсіз іс-қимылды сақтауға белсенді қатысуына оң әсер етсе, ҚҚД процесі табысты болып саналады.

12. Басқарудың барлық деңгейлеріндегі бөлімше басшылары:

- қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін механизм/құрал болып табылатын ҚҚД процесінің қолданыста екендігіне қатаң сенімділікті көрсетуі;

- қызметкерлердің бақылауы бойынша ҚҚД шеңберінде тиісті шаралар қабылданғанына сенімді болу үшін олармен кері байланыстың болуын қамтамасыз етуі;

- ҚҚД процесінің табысты/тиімсіз жүзеге асырылуына жауапты болуы;

- ҚҚД жүзеге асыруға белсенді қатысуы (жеке бастылық үлгі көрсетуі);

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жеке міндеттемелерді қабылдауы тиіс.

13. Егер қауіпті жағдайлар мен әрекеттерді жою мүмкін болмаған жағдайда, ҚҚД орындаушысы жетекшілік етуші басшыға жәрдем көрсету қажет екендігі туралы хабардар етуге міндетті.

14. ҚҚД жүргізуші қызметкерлер осы Қағидаға 1-қосымшада көрсетілген нысан бойынша Қауіпсіз іс-қимыл диалогы бланкісінде көрсетілген қауіпті жағдайлар мен қызметкерлердің әрекеттерін жою және азайту үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс.

Қауіпті жағдайлар мен іс-әрекеттер анықталған жағдайда, осы Қағидаға 2-қосымшада көрсетілген нысандағы Салдарсыз оқиғалар (Near Miss)/Қауіпті жағдайлар/Қауіпті іс-әрекеттер/Жұмысты тоқтату туралы бланкіге сәйкес қауіпті жағдай жойылғанға дейін жұмысты дереу тоқтату керек.

15. ҚЖ және ҚӘ алдын алу, түзетуші шараларды қабылдау қауіпсіздікті басқару процесінде басымды болып табылады.

16. ҚҚД жүргізілуін ұйымдастыру, құжаттандыру және тиісті түзетуші шараладың іске асырылуы үшін жауапкершілікті басқарудың барлық деңгейлеріндегі басшылары қатамасыз етеді.

Компанияның Өндірістік қауіпсіздік және экология департаменті өндірістік қауіпсіздік саласындағы ҚҚД процесін әдіснамалық қамтамасыз етуді және жетілдіру үшін жауапты болады.

17. Қауіпті жағдайлар (жағдайлар мен әрекеттер) қайталап анықталған, қызметкер жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жасау талаптарын сақтамаған жағдайда, Компанияның құрылымдық бөлімшесі мен ЕҰ басшысы аталған қызметкерді жеке жергілікті актіде белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілікке тартуға құқылы.

5. ҚҚД жүргізу процесі

18. ҚҚД процесі Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ басқарудың барлық деңгейлерінде, жұмысшы мамандықтарды қоса алғанда енгізіледі.

ҚҚД:

1) басқарудың барлық деңгейлерінің басшылары;

2) ҚҚД процесін жүзеге асыруға қатысатын Компания қызметкерлері:

жұмыстың жүргізілуіне бақылау жасау

жоспарлы оқуға қатысу

қажет болған жағдайда тәлімгерлік процесіне қатысу

қауіпсіз емес жұмысты тоқтату арқылы жүзеге асырады

19. Егер қызметкер жұмысты орындау барысында апатқа алып келуі мүмкін айқын қауіп-қатерлерді болжаса, ол онлайн режимде әлеуетті қауіпсіз емес жағдай (шарттар, әрекеттер) туралы бланкті ресімдейді, ал бланктер қағаз тасығышта да қабылдануы мүмкін, олар тіркеу үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметіне тапсырылуы тиіс.

6. ҚҚД процесін жоспарлау

20. ҚҚД жүргізу әрбір оқытылған басшы мен БҚМ (өз бөлімшесі, учаскесі, цехы шегінде) диалогты жекелеп немесе бір-бірімен ақпарат алмасуды жеңілдету үшін әртүрлі басқару деңгейіндегі бірнеше қызметкерден (2-3 адамнан) тұратын топтың құрамында жүргізу мүмкіндігін көздейді.

Өндірістік қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері жүйелі жеке негізде және барлық ауысымды қамти отырып, жұмыс уақытында дербес іс-қимыл диалогтарын жүргізіп тұрады.

Компанияның, ҚБ мен ЕҰ басшылары тұрақты негізде ҚҚД жүргізеді және жылына кемінде екі бақылау (онлайн режимде) толтыруы тиіс. Бұл басшылықтан күтілетін ең азы және қауіпсіз іс-қимылды көтермелеу.

ҚҚД орындаушысы:

жұмыс учаскелерінде ұзақтығы 15-30 минут болатын ҚҚД жүргізеді (бұл уақытқа ҚҚД нәтижелері бойынша есепті ресімдеу процесі енгізілмеген), жекелеген жағдайларда өндірістің ерекшелігіне, орындалатын жұмыстардың сипатына, жұмыс орнындағы қызметкерлердің санына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Егер ҚҚД орындаушы қызметкерді диалогқа тартпай бақылау әдісімен ғана (бақылауды жүргізу қорытындылары бойынша) шектелген болса, бұл процесс жүргізілген ҚҚД болып сыныпталмайды;

жүргізілген ҚҚД нәтижелері бойынша ҚШ мен ҚӘ және олардың себептері анықталса, жауапты адамдарды және олардың орындалу мерзімін белгілеп түзетуші іс-қимылдарды әзірлейді.

Қызметкердің іс қимылын бақылауды жүргізу барысында оқиғаларға жол бермеу мақсатында тасымалдау процесін қамтамасыз ету үшін оның тікелей іс қимылдарды жүзеге асыру кезінде қызметкерге кедергі жасауға және басқаға аландатуға тыйым салынады. ҚҚД жүргізу кезіндегі негізгі қадамдар осы Қағидаға 3-қосымша Қауіпсіз іс-қимыл диалогын жүргізу рәсімінде тәртібі баяндалған.

21. Сапалы бақылаудың критерийлері

Бақылау келесі факторлар сақталған кезде сапалы болып саналады:

жұмысты орындау кезінде жұмысшылардың іс-қимылын бақылау;

атап айтқанда не қауіпсіз түрде не жасалғанын нақтылай отырып, қауіпсіз іс-қимылды көтермелеуге аса көңіл бөлу;

қауіпсіз емес іс-қимылдың барлық бақыланған мысалдарын тиісті жазбаша түсіндірмелермен сүйемелдеу, мысалы, іс-қимылда ненің қатерлі болғанын, бақылау жасалғанның мұндай іс-қимыл жасауының себептері, қауіпті азайту туралы шешім қабылдау және аталған шараларды келісу;

ҚҚД-ны жүргізуді осы Қағидаға 1-қосымшада көрсетілген нысан бойынша Қауіпсіз іс-қимыл диалогы бланкісінде ұсынылған ақпаратты енгізу арқылы орындау.

22. ҚҚД процесі мыналарға бағытталған:

қауіпсіздік мәселелері бойынша менеджерлер мен қызметкерлер арасындағы байланысты дамыту және жетілдіруге;

қауіпті әрекеттер мен жағдайларды дереу тоқтатуға;

қауіпті мінез-құлықты түзетуге;

қауіпсіз жұмысты және қызметкердің жұмысты қауіпсіз орындау үшін жасаған күш-жігерін қолдау және мақұлдауға;

қауіпсіздік талаптарын бұзумен жұмыс істеу кезіндегі себептерді анықтауға (басқару жүйесіндегі әлсіздік, жеткіліксіз дайындық және түсінбеушілік, түсіну, бірақ құлықсыздық, немқұрайлылық, ештеңенің болмауы, сапасыз жеке қорғаныс құралдары және т.б.);

алдыңғы ҚҚД нәтижелері бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін бағалауға;

қызметкерге немесе төтенше жағдайларда мүмкін жарақаттануды болдырмау мақсатында түзету шараларын айқындауға;

қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс қағидаттарын ұстануға;

қызметкерді қауіпсіздік мәселелерінің маңыздылығына бағыттауға.

Қауіпсіздік техникасын жүргізу кезінде анықталған қауіпті іс-әрекеттер мен қауіпті жағдайлар мүмкін болған жерде жойылады, қызметкердің қауіпсіз ҚҚД ережелерін орындаушы бекітеді.

Жұмысты орындау кезінде кез-келген қызметкер, жұмыс орнында әріптесі жасаған қауіпті әрекетті көргенде, әсіресе қауіпті жағдайлар болған кезде, жарақат алмау үшін басқаларды шақырып, ескертуге міндетті.

7. ҚҚД нәтижелері туралы есеп беру

23. Тиімді ҚҚД бағдарламасын қолдау үшін ҚҚД осы Қағидаға 1-қосымшада көрсетілген нысан бойынша қауіпсіз іс қимыл диалогы бланкісі толтырылады, онда бақылау және алынған мәліметтер жазылады.

ҚҚД нәтижелерінің деректерін өңдеу және талдау қолданыстағы және туындайтын проблемаларды анықтау және бақылаудың тиісті шараларын қолдану үшін пайданылады.

8. Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату

24. Компания қызметінің қағидаттарына сәйкес келмейтін, жұмыстарды тоқтатуға қатысты мұндай әрекеттер үшін жаза қолдану қатерісіз барлық қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіз емес жұмысын тоқтату құқығы.

ЖТ жазатайым оқиғалардың, демек, ауыр жарақат пен өлімнің алдын алу үшін соңғы мүмкіндік болып саналады.

ЖТ құқығы қолданылғаннан кейін, жұмыс тез арада тоқтатылуы, шұғыл шараларды қолдану үшін тоқтатудың себебі (қауіпсіздікті жақсарту бойынша ұсынымдар, нормалар мен қағидалардың бұзылуы, басқа себептер) түсіндірілуі тиіс.

Қажет болғанда қатерлерді азайту бойынша бақылау шараларын анықтау және белгілеу мақсатында жұмыс орынындағы (қауіпті факторлар жұмысты орындауға дейін немесе оның барысында анықталған ба, жоқ па) қатерлерді бағалауды белгілеу.

25. Компания қызметкерлері ЖТны осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын жүзеге асыру рәсіміне сәйкес себептерін көрсете отырып, мобильді қосымшада тіркейді.

Бәрі:

жұмыс қауіпті жүргізілген кезде оны тоқтатуға;

қауіп төнген жағдайда жұмысты тоқтату туралы өтініштерді байыппен қабылдауға;

тексеру жүргізіп, жедел тиісті шаралар қабылдауға міндетті.

Өз жұмыс топтарыңызда «Егер сіз оны көрсеңіз, сіз ол үшін жауаптысыз» ұранын іске асырыңыз. Жылдың қорытындысы бойынша белсенді және жауапкершілікті сезінетін персонал көтермеленсін.

26. Барлық басқару деңгейіндегі ҚБ мен ЕҰ өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметтері жағдайды түзету бойынша іс-шаралардың орындалу нәтижелерін мониторингтейді және бақылау жасайды.

9. Салдарсыз оқиғалар/(Near-miss)

27. СО/NM оқиғаларын тиімді есепке алу үшін қызметкерлер ықтимал қауіп туралы тікелей басшысына осы Қағидаға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша толтырылған есепті ұсыну арқылы хабарлауға міндетті.

Компания қызметкерлері СО/NM мобильді қосымшада тіркейді, ол бойынша оқиғалар статистикасы жүргізіледі.

Қызметкерлер әріптестерінің жазалануынан немесе кінәлаудан қорқу себебінен қауіпсіздікпен байланысты кез-келген жағдайды сипаттай отырып, кім екенін ашпай-ақ («анонимді» бөлігінде) ақпаратты мобильді қосымшадан жібере алады.

28. Компанияның, ҚБ және ЕҰ басшылары денсаулыққа келтірілетін ықтимал қауіптеріне төзбеушілік танытуы, кез келген ықтимал қауіпті жағдайды (іс-қимылдар мен шарттарды) назардан тыс қалдырмауы, анықталған және тіркелген ҚҚД/NM әрбір оқиғасының қаралуын қамтамасыз етуі тиіс.

Тіркелген ҚҚД/НМ оқиғасы салдарларының ауырлығына бағаланады, егер бұл оқиға жарақат алуға немесе өлімге әкелуі мүмкін болса, Компанияның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жергілікті актілерінің талаптарына сәйкес толық тергеу жүргізіледі.

ҚҚД/НМ туралы ақпарат барлық қол жетімді байланыс құралдары, соның ішінде кеңестер өткізген кезде, <http://kip.railways.kz> корпоративтік жаңалықтар баспасы арқылы берілуі тиіс.

10. ҚҚД бағалау

29. ҚҚД процесін жүзеге асырудың басты міндеті қызметкерлердің қауіпсіз емес іс-қимылдарын жою болып табылады. Ол үшін қызметкерлердің қауіпсіз іс-қимылдар дегеніміздің не екенін түсінуі, сондай-ақ мұндай қауіпсіз іс-қимылды тұрақты көтермелеп тұру талап етіледі.

ҚҚД процесінің тиімділігін анықтауда қойылған міндеттерді орындау жоспарында қадағаланатын көрсеткіштер қолданылады:

- 1) қызметкерлерді ҚҚД бойынша оқыту сағаттарының саны;
- 2) ҚҚД қолданушыларын өндірістік қауіпсіздіктің біріктірілген жүйесінде тіркеу (белгіленген тәртіппен бекітілген ҚҚД модулін ӨҚБЖ-да кезең кезеңмен іске қосу графигі);
- 3) басқарудың барлық деңгейіндегі басшылар үшін жылына 2 рет қауіпсіз іс-қимыл диалогын жүргізу;
- 4) жүргізілген ҚҚД нәтижелері бойынша түзетуші іс-шараларды уақтылы орындау;

Компания қызметкерлерінің ҚҚД-ға қатысу дәрежесін бағалау үшін ҚҚД модулін ӨҚБЖ-да кезең кезеңмен іске қосу графигінен қатысу пайызы бақыланады. Әрбір тіркелген қызметкер ҚҚД жүргізу, есеп қалыптастыру үшін мобильді қосымшаны пайдалануға міндетті, ӨҚБЖ жүйесінен тартылу дәрежесі және пайдаланушылардың белсенділігі туралы деректер алынады.

Тіркелген деректер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды басқару жүйесінде бақылау бланкісінде автоматты түрде есеп болып қалыптасады.

ҚҚД процесін жүзеге асыру жоспарына сәйкес осы Қағидаға 1-қосымшада көрсетілген нысанда бақылау бланкісінде ресімделген және келесі минималды сапа өлшемдеріне сәйкес келетін бақылаулар ғана дұрыс толтырылған болып саналады: бақылауларда жүргізіліп жатқан бақылау туралы ақпарат, яғни орындаушының ТАӘ, күні, жүргізілген жері, бақыланатын қызметкерлердің саны, сондай-ақ бақылау жасалғанның іс-қимылы – қауіпті немесе қатермен байланысты болды ма, туралы жалпы ақпарат болуы тиіс.

Ұйымның оқиғаларды болдырмау үшін орындап жатқан іс-шараларының барысын бағалау үшін қауіпсіз іс қимылдың пайызы белгіленеді.

Бақылау бланкісінде тіркелген деректер автоматты түрде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды басқару жүйесінде есеп болып қалыптасады, бақылау санаттарының тізбесі осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысанда көрсетілген.

11 Процесті үздіксіз жетілдірудің жоспары

30. ҚҚД процесін жүзеге асыру жоспарына сәйкес осы Қағидаға 1-қосымшада көрсетілген нысанда бақылау бланкісінде ресімделген және келесі минималды сапа өлшемдеріне сәйкес келетін бақылаулар ғана дұрыс толтырылған болып саналады: бақылауларда жүргізіліп жатқан бақылау туралы ақпарат, яғни орындаушының ТАӘ, күні, жүргізілген жері, бақыланатын қызметкерлердің саны, сондай-ақ бақылау жасалғанның іс-қимылы – қауіпті немесе қатермен байланысты болды ма, туралы жалпы ақпарат болуы тиіс.

Бақылау бланкісінде тіркелген деректер автоматты түрде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды басқару жүйесінде есеп болып қалыптасады, бақылау санаттарының тізбесі осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысанда көрсетілген.

ҚҚД талдаудың нәтижелері бойынша «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында сәйкессіздіктерді, ұсынымдарды басқару және түзетулерді, түзетуші іс-әрекеттерді жүзеге асыру қағидасына [1] сәйкес сәйкессіздіктерді және оның туындау себептерін жою үшін түзетуші іс-әрекеттер (іс-шаралар) әзірлеу қажеттілігі туралы шешім қабылданады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасы

1.0 редакция

25 беттің 12-беті

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Басқарушы директор - Бас инженерінің
2020 жылғы «__» _____
№ _____ бұйрығымен
бекітілген
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамында және оның еншілес
ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында
қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру
қағидасына 1-қосымша

Үлгі

Қауіпсіз іс-қимыл диалогының бланкісі (KTZ-COR-HSE-F-007)

№: <u>КҚД-1-001/2019</u> КҚД бланкі		2. КҚД жүргізілетін күні: 19.08.19 ж.	
Жүргізілетін жері: ПЧ-Атырау, 6-учаске			
КҚД жүргізілетін уақыты (басталу/аяқталуы): 9.00/9.25			
КҚД бақылаушысы ТАӘ: Петров П.П.			
Лауазымы: ПЧ бас инженері		Қолы	
Жұмыс түрі: Бағыттамалы бұрманы тазарту			
Бақылау жасалатын қызметкерлердің саны: 4			
Жұмыстар басшысының ТАӘ: Иванов И.И.			
Лауазымы: №6 учаскенің бастығы		Қолы	
КЖЕБ қызметіне тапсыру		Белгілеңіз, егер қауіпті <input type="checkbox"/> Бәрі қауіпсіз <input checked="" type="checkbox"/>	
1. Қызметкердің реакциясы	2. Қызметкердің орны/тұрған тұрысы	3. ЖҚҚ болмауы	
ЖҚҚ ретке келтіреді <input checked="" type="checkbox"/>	Сокқылар мен соқтығысуы <input checked="" type="checkbox"/>	Бас (дулыға, бас киім және т.б.) <input type="checkbox"/>	
Орнын өзгертеді <input type="checkbox"/>	Заппен қысып алу <input type="checkbox"/>	Құлақтар (құлақтар жапқыш, құлаққаптар) <input type="checkbox"/>	
Жұмысты ретке келтіреді <input type="checkbox"/>	Құлау <input checked="" type="checkbox"/>	Көздер мен бет (қалқандар, көзілдіріктер, маскалар және т.б.) <input type="checkbox"/>	
Жұмысты тоқтатады <input checked="" type="checkbox"/>	Қайталанатын қозғалыстар <input checked="" type="checkbox"/>	Тыныс алу мүшелері (газдан қорғану маскасы, респираторлар, маскалар және т.б.) <input type="checkbox"/>	
Еңкейіп, жасырынады <input checked="" type="checkbox"/>	Статикалық қалыптар <input type="checkbox"/>	Қолдар (қолғаптар, кілемшелер және т.б.) <input type="checkbox"/>	
Құралды өзгертеді <input type="checkbox"/>	Басқасы <input type="checkbox"/>	Денелер (жұмыс киімдері, алжапқыш, қауіпсіздік белдігі) <input type="checkbox"/>	
Қажетті қорғану құрылғыларын қосады немесе орнатады немесе <input type="checkbox"/>		Аяқтар (арнайы аяқ киім) <input type="checkbox"/>	
Басқасы (көрсетіңіз) <input checked="" type="checkbox"/>		Басқасы (көрсетіңіз) <input type="checkbox"/>	
Жиынтық саны 4	Жиынтық саны 3	Жиынтық саны	
БАРЛЫҒЫ ҚАУІПСІЗ <input type="checkbox"/>	БАРЛЫҒЫ ҚАУІПСІЗ <input type="checkbox"/>	БАРЛЫҒЫ ҚАУІПСІЗ <input checked="" type="checkbox"/>	
4. Құралдар мен жабдықтар	5. Нұсқаулықтар мен қағидалар	6. Жұмыс орнындағы жағдай	
Қолдан жасалған құралдар <input checked="" type="checkbox"/>	Нарядтын жоқтығы <input checked="" type="checkbox"/>	Шу <input checked="" type="checkbox"/>	
	Нұсқаулықтар <input checked="" type="checkbox"/>		

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасы

1.0 редакция

25 беттің 13-беті

Жарамсыз жағдайдағы құралдар	<input type="checkbox"/>	орындалатын жұмысқа сәйкес келмейді		Жарық	<input checked="" type="checkbox"/>
Басқа мақсаттарда қолданылатын құралдар	<input checked="" type="checkbox"/>	Нұсқаулық және/немесе қауіпсіздік қаидасы сақталмайды	<input checked="" type="checkbox"/>	Шаң	<input checked="" type="checkbox"/>
Жарамсыз жағдайдағы жабдықтар	<input checked="" type="checkbox"/>	Нұсқаулықтар орындалмаған	<input checked="" type="checkbox"/>	Түгіндік	<input checked="" type="checkbox"/>
Баспалдақтар мен сатылар жоқ, дұрыс пайдаланылмаған немесе жарамсыз жағдайда	<input type="checkbox"/>	Техникалық шаралар жеткіліксіз жазылған және орындалған	<input checked="" type="checkbox"/>	Жұмыс орнындағы тәртіпсіздік	<input checked="" type="checkbox"/>
Қоршаулар жоқ, дұрыс пайдаланылмаған немесе жарамсыз жағдайда	<input type="checkbox"/>	Жұмысқа орынын дайындау және қабылдау жеткіліксіз жағдайда	<input type="checkbox"/>	Өткелдегі кептеліс жолдарын	<input checked="" type="checkbox"/>
Ауыспалы жарықтандырулар жарамсыз жағдайда	<input checked="" type="checkbox"/>	Наряд жеткіліксіз жағдайда толтырылған (толтырылуға қажетті бағандар)	<input checked="" type="checkbox"/>	Құралдарды, аспаптарды, жабдықтарды ұтымсыз орналастыру	<input checked="" type="checkbox"/>
Басқасы (көрсетіңіз)	<input checked="" type="checkbox"/>	Қызметкер туралы анықтаманың болмауы	<input checked="" type="checkbox"/>	Температураның артуы/Температураның кемуі	<input checked="" type="checkbox"/>
		Аудит кезінде ЖҚҚ пайдаланбау	<input checked="" type="checkbox"/>	Басқасы (көрсетіңіз)	<input type="checkbox"/>
		Басқасы (көрсетіңіз)	<input type="checkbox"/>		
Жиынтық саны	6	Жиынтық саны	3	Жиынтық саны	
БАРЛЫҒЫ ҚАУІПСІЗ	<input type="checkbox"/>	БАРЛЫҒЫ ҚАУІПСІЗ	<input checked="" type="checkbox"/>	БАРЛЫҒЫ ҚАУІПСІЗ	<input checked="" type="checkbox"/>

№	Сәйкессіздік	Бұзушылық түрі	Шаралар	Жауапты тұлға	Күні	Аяқтау нысаны
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Фотосуреттер, құжаттар көшірмелері және басқа да куәліктер

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасы

1.0 редакция

25 беттің 14-беті

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
 Басқарушы директор - Бас инженерінің
 2020 жылғы «__» _____
 № _____ бұйрығымен
 бекітілген
 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасына 2-қосымша

Салдарсыз оқиғалар (Near Miss)/Қауіпті жағдайлар/Қауіпсіз емес жұмыстар/Жұмысты тоқтату туралы бланк (KTZ-COR-HSE-F-009)

1. Есеп түрін таңдаңыз					
Near (Ықтимал) <input checked="" type="checkbox"/>	Miss <input type="checkbox"/>	Қауіпті жағдайлар <input type="checkbox"/>	Жұмысты тоқтату <input type="checkbox"/>	Қауіпті әрекеттер <input type="checkbox"/>	
Бланк №:PDB -I-001/2019		Күні: 19.08.19 г		Уақыты: 15.10	
2. Оқиға орны					
Шаруашылық:	Елді мекен:	Станция:	Учаске:	Аралық:	Басқасы (көрсетіңіз)
3. Оқиға/уақиғаның нақты орны					
4. Near Miss (ықтимал), ҚҚ, ҚЖ, ҚІӨ әлеуетті қауіпті оқиғаның толық сипаттамасы					
5. Қосымша мәліметтер (бар болса)					
6. Қосымша ақпарат алу үшін байланысатын тұлға					
ТАӘ	Лауазымы	Телефон нөмірі	Электронды адресі		
7. Жауапты тұлға					
ТАӘ	Лауазымы	Телефон нөмірі	Электронды адресі		
8.	Ықтимал салдардың түрін белгілеңіз		Түсіндірмелер		
8.1	Нормативтік талаптарға сәйкес келмеу	<input type="checkbox"/>			
8.2	Ауру	<input type="checkbox"/>			
8.3	Мүлікке зиян:	<input type="checkbox"/>			
-	ғимараттар мен құрылыстар (нақтылаңыз)	<input type="checkbox"/>			
-	машиналар немесе оның бөлшектері (көрсетіңіз)	<input type="checkbox"/>			
-	жабдық немесе оның бөліктері (нақтылаңыз)	<input type="checkbox"/>			
-	салынып жатқан объект (көрсетіңіз)	<input type="checkbox"/>			

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасы

1.0 редакция

25 беттің 15-беті

-	басқасы (көрсетіңіз)	<input type="checkbox"/>
8.4	Технологиялық іркіліс	<input type="checkbox"/>
8.5	Жазатайым оқиға	<input type="checkbox"/>
8.6	Қоршаған ортаға теріс әсері:	<input type="checkbox"/>
-	қоршаған ортаның апаттық ластануы	<input type="checkbox"/>
-	атмосфераға дүркінді шығарынды	<input type="checkbox"/>
-	ағын сулардың дүркінді төгілуі	<input type="checkbox"/>
-	қауіпті жүктердің төгілуі/шашылуы	<input type="checkbox"/>
8.7	Өрт немесе жарылыс	<input type="checkbox"/>
8.8	Тұтану	<input type="checkbox"/>
8.9	Күйреу	<input type="checkbox"/>
8.10	Авария	<input type="checkbox"/>
8.11	ЖКО:	<input type="checkbox"/>
-	автокөлік	<input type="checkbox"/>
-	теміржол көлігі	<input type="checkbox"/>
-	басқасы (көрсетіңіз)	<input type="checkbox"/>

10. Дереву қабылданған шаралар/сабақ алу

Жұмыстар тоқтатылды – жоспардан тыс нұсқама өткізілді. Жүк бекітілді.

11. Статусы:

Қауіп жойылды <small>Осы батырманы басқан кезде статусы автоматты түрде АЯҚТАЛАДЫ</small>	<input checked="" type="checkbox"/>	Одан арғы іс қимыл талап етіледі Осы батырманы басқан кезде Түзетуші іс қимылдың жоспары пайда болуы тиіс	<input type="checkbox"/>	Қоса берілген құжат Құжатты (фото, pdf) тіркеңіз, Осы батырманы басқан кезде ЖҮКТЕУ функциясы шығуы тиіс	<input type="checkbox"/>
--	-------------------------------------	--	--------------------------	--	--------------------------

Фотосуреттер, құжаттар көшірмелері және басқа да куәліктер

№	Сәйкессіздік	Бұзушылық түрі	Шаралар	Жауапты тұлға	Күні	Аяқтау нысаны
1						
2						
3						
4						
5						
6						

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасы

1.0 редакция

25 беттің 16-беті

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Басқарушы директор - Бас инженерінің
2020 жылғы «__» _____
№ _____ бұйрығымен
бекітілген
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамында және оның еншілес
ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында
қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру
қағидасына 3-қосымша

Қауіпсіз іс-қимыл диалогын жүргізу рәсімі (KTZ-COR-HSE-PRO-002)

Қауіпсіз іс-қимыл диалогын жүргізуге уақыт бөліңіз. Жоспарлы бақылау кезінде басқа мәселелерге алаңдамай, тек қауіпсіздік аспектілеріне көңіл бөлу керек.

Дайындалыңыз - қай учаскеге баратыныңызды алдын ала шешіп алыңыз, онда қандай қауіпті және зиянды факторлар болуы мүмкін екенін және осы факторлардан қорғану үшін персонал қандай шараларды қолдану керектігін ойланыңыз. ҚҚД орындаушысының өзі барлық қауіпсіздік шараларын, соның ішінде жеке қорғаныс құралдарына қойылатын талаптарды сақтауы тиіс.

Бірден бүкіл объектіні қамтуға тырыспай, бір немесе бірнеше шағын учаскелердегі жағдайды тексеріңіз.

ҚҚД жүргізу кезінде Бақылау санаттарын қолдана отырып, мұқият қадағалаңыз.

Қызметкердің реакциясы (PP)	Қызметкердің тұрысы мен іс-қимылы (DR)	Арнайы киім және басқа да жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ)
ЖҚҚ ретке келтіруде; Орнын өзгертті; Жұмысты басқаша істей бастады; Жұмысты тоқтатты; Еңкейді, жасырынды; Аспабын ауыстырды; Қажетті қорғаныс құралдары мен қоршауларды қосты немесе орнатты.	Біреуді жарақат алу қаупіне ұшыратпайды ма; Жұмысы қауіпсіз және жұмыс тәсілдері дұрыс; Нәтижесінде құлауы, соқтығысуы, соққы алу, басып алу мүмкін болатын қауіпті жағдайда тұрған адам бар ма.	Арнайы киім мен ЖҚҚ орындалатын жұмыстың сипатына сәйкес келе ме; Осы жұмыстар үшін регламенттелген ЖҚҚ бар ма; Қызметкерлер тиісті жеке қорғаныс құралдарын қолдана ма? ЖҚҚ дұрыс қолданылған ба? Егер жоқ болса, неге? Мүмкін ЖҚҚ жұмысты орындауға ыңғайсыз немесе кедергі келтіреді
Аспаптар мен жабдықтың (АЖ) жай-күйі	Қағидалар мен рәсімдер (ҚР)	Жұмыс орнындағы тәртіп (ЖТ)

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасы

1.0 редакция

25 беттің 17-беті

<p>Жабдық түзу және қауіпсіз күйде ме; Пайдалану қағидасына сәйкес мақсатқа сай қолданылады ма; Қолдан жасалған, майдагерлік қол аспаптар пайдаланылмайды ма</p>	<p>Рәсімдер және нұсқаулықтар қол жетімді ме; Қағидалар мен нұсқаулықтар орындалатын жұмысқа сәйкес келе ме? Барлық ықтимал қауіптер, тәуекелдер және оларды басқару әдістері сәйкестендірілген бе және сипатталған ба; Белгіленген қағидалар сақталады ма; Қауіпті жұмыстарға рұқсат-нарядтар, рұқсатнамалар дұрыс жазылған ба?</p>	<p>Жұмыс орны реттелген бе; Құралдарды, бөлшектерді, жабдықтарды ұтымды орналастыру қамтамасыз етілген бе; Жолдар мен өткелдердің қоқырсуына, бітелуіне жол берілген жоқ па, пайдаланылмайтын аспаптар мен жабдық алынып тасталған ба, қалдықтар дұрыс тасталып және кәдеге жаратылып жатыр ма</p>
--	--	--

ҚҚД жүргізу кезінде сұхбаттасу әдісіне сүйене отырып, қызметкерлермен сұхбат құрыңыз.

Егер қызметкер қауіпті әрекет жасаса:

Біраз уақыт бақылаңыз және жағдайды бағалағаннан кейін қауіпті әрекетті тоқтатып, сұхбатты бастаңыз. Қауіпсіз іс-қимыл туралы түсініктеме беріңіз. Қызметкердің қауіпсіздік талаптарына сәйкес жасауға тырысқан әрекеттеріне назар аударыңыз.

Қызметкердің қауіпсіз әрекетін талқылаңыз:

әрекеттің өзіне емес, қауіпті әрекеттің салдарына назар аударыңыз. Қызметкердің жұмысты қалай орындағаны туралы түсініктеме бермеңіз, «бұзушылық» деген сөзден аулақ болыңыз, бұл әрекеттің қандай салдарға әкелуі мүмкін екенін сұраңыз және қызметкердің оларды өзінің атап айтуына мүмкіндік беріңіз;

қызметкерден бұл жұмысты қалай қауіпсіз орындау керек екендігін сұраңыз.

Болашақта қауіпсіз жұмыс істеуге келісім алыңыз. Қауіпсіздіктің басқа мәселелерін талқылаңыз. Қызметкерге алғыс айтыңыз.

Егер қызметкер қауіпсіз жұмыс істесе:

Біраз уақыт бақылаңыз - содан кейін сұхбатты бастаңыз.

Қауіпсіз іс-қимыл туралы түсініктеме беріңіз. Қызметкердің қауіпсіздік талаптарына сәйкес жасауға тырысқан әрекеттеріне назар аударыңыз.

Қауіпсіздіктің басқа мәселелерін талқылаңыз (оқу, еңбекті қорғау бойынша жиналыстар, жарақат алуы мүмкін басқа учаскелер). Қызметкерге алғыс айтыңыз.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасы

1.0 редакция

25 беттің 18-беті

Дереу түзету шараларын қабылдамай, қауіпсіздік бұзушылықтарының жанын өтіп кетуге жол берілмейді. Қызметкерлердің қауіпті іс қимылдарын дереу түзетіңіз.

Бақылау мен нәтижелерді жазып алыңыз. Тиімді ҚҚД бағдарламасын қолдау үшін осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес бақылау бланкі толтырылады.

Толтырылған бланктер байқаушылардың нәтижелерін талдау және түзету шаралары жоспарларын әзірлеу кезінде қолданылуы тиіс.

Анықталған кемшіліктерді жою және алдын-алу, бұзушылықтар мен қауіпті әрекеттерді болдырмау үшін түзетуші әрекеттерге бастамашылық жасаңыз. ҚҚД деректерін талдаңыз, бар және пайда болатын проблемаларды анықтаңыз, түзетуші іс-шараларды орындауға күш салыңыз және іс-қимыл қолданыңыз.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасы

1.0 редакция

25 беттің 19-беті

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
Басқарушы директор - Бас инженерінің
2020 жылғы «__» _____
№ _____ бұйрығымен
бекітілген
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасына 4-қосымша

Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын жүзеге асыру тәртібі (KTZ-COR-HSE-PRO-003)

1. Глоссарий

Жұмыстарды тоқтату - жұмыстарды тоқтату құқығын іске асыру процесі қолда бар проблеманы шешу үшін жұмыстарды тоқтатуды, хабарлауды, түзетуді және қалпына келтіруді білдіреді.

Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығы - бұл әр қызметкерге, олардың пікірі бойынша қауіпсіз емес жағдай туындаған кезде жұмысты тоқтату құқығын беретін іс-қимыл.

2. Мақсаты мен міндеттері

Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығы кез-келген қызметкердің қауіпсіз емес шарттар немесе әрекеттер жағымсыз оқиғаларға әкелуі мүмкін жағдайларда жұмысты тоқтату жауапкершілігі мен өкілеттіктер саласын белгілейді.

Жалпы алғанда, жұмысты тоқтату құқығын пайдалану процесі мәселені шешу үшін жұмысты тоқтатуды, хабарлауды, түзетуді және қалпына келтіруді білдіреді.

3. Қойылатын талаптар

ЖТ рәсімі іске асыруды және ұйымның барлық қызметкерлеріне нақты хабарлауды қажет етеді.

Бұл рәсім барлық қызметкерлер мен орындаушылардың Компанияның қызметінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жұмысты тоқтатуға қатысты өкілеттігін белгілейді, мұндай әрекеттер үшін жазалау қаупі тұмайды. ЖТ рәсімі енгізілуді және ұйымның барлық қызметкерлернің назарына нақты жеткізуді талап етеді.

Осы рәсім көрінетін жерде орналастырылады және қызметкерлер мен мердігерлер үшін түсінікті тілде қолжетімді болуы тиіс.

Рәсімді жүйелі түрде кіріспе нұсқама, нақты бір учаске бойынша нұсқама, жұмыс алдындағы кеңес, мердігерді тарту кезінде және де Компанияның өндірістік қауіпсіздікке қатысты болжаулары белгіленген және жеткізілген барлық жағдайларда қызметкерлер мен мердігерлердің назарына жеткізіп тұру керек.

Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын жүзеге асыру кезінде жұмыстың тоқтатылуы және оның нәтижелеріне қатысты ақпарат жазылады, ал осы жағдайдан туындайтын қорытындылар бүкіл жұмыс тобына немесе жұмыстың жағдайына және сипатына қарай кәсіпорынның барлық персоналымен бөлісіледі.

Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығы ықтимал қауіпті жағдайлар туралы есептік процестерімен тығыз байланысты. Жұмыстарды тоқтату ықтимал қауіпті немесе қауіпсіз емес іс-қимыл жағдайларында да мүмкін болады, олар туралы да тиісінше хабарлау керек.

4. Рөлдер мен міндеттер

Жоғары басшылық:

Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын жүзеге асыру үшін қажетті күтулерді, жауапкершілікті және мәдени ортаны қалыптастыруды нақты тұжырымдау. Қызметкерлерді жазалаудың орнына, қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын жүзеге асыруды қолдауды қамтамасыз ететін іс-қимыл жауаптарын модельдеу.

Тікелей басшылар:

Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығы еркін жүзеге асырылатын, жұмыстарды тоқтату туралы өтініштер құрметтелетін, проблемалық мәселелер қызмет қайта басталғанға дейін шешілетін, ал ынталы іс-қимыл құпталатын мәдени орта құру.

Компания қызметкерлері:

Қауіпсіз емес жұмыстың тоқтатылуына бастама жасау және басқа тұлғалардың тарапынан болған мұндай әрекеттерді қолдау.

ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ қызметтері:

Қауіпсіз жұмыс тоқтату құқықтарын іске асыру рәсімін оқыту, құжаттау, сәйкестікті қамтамасыз ету және қолдау.

5. Рәсімнің қадамдық реттілігі

5.1. Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығының іске асырылуы мүмкін жағдайлар:

Қауіпсіз емес шарттар

Оқыс оқиғаның туындауы

Елеулі ықтимал қауіп

Төтенше жағдай

Дыбыстық сигнализацияның қосылуы

Шарттардың өзгеруі

Жұмыс көлемінің өзгеруі

Жұмыстарды жүргізу жоспарының өзгеруі

Персоналға, қоршаған ортаға немесе жабдықтарға қатер төнуін сезінетін кез келген жағдай.

5.2. Жұмысты тоқтату механизімі:

келеңсіз жағдайларға алып келуі мүмкін қауіпсіз емес қандай да бір болжамды жағдайлар, іс-әрекеттер немесе процестерді түсінудің жоқтығы анықталған кезде, кез келген адам ықтимал қатердің аймағындағы басқа адамдармен бірлесе отырып, оны тоқтату мақсатында жұмыстарды жүргізу процесіне дереу араласуға міндетті;

егер мұндай жағдайға тартылған адам тікелей қатер аймағында болмай, ал тікелей басшы сол жерде және қол жетімді болса, жұмысты тоқтату жөніндегі іс-әрекеттер аталған басшымен келісілуі керек;

егер басшы тікелей қол жетімді жерде болмаса немесе жағдайға тартылған адамға тікелей қатер төніп тұрса, жұмыстарды тоқтату жөніндегі іс-әрекеттерді қатер аймағындағы адамдар тікелей бастау мүмкін;

қауіпсіз емес жұмысты тоқтату мақсатында араласуды жүзеге асыруды қысқаша өзінің кім екенін таныстырып, әңгімесін шамамен келесі сөздермен: « Мен жұмыстарды тоқтату құқығын пайдаланым, өйткені ...» деп бастап, сенімді жүзеге асыруға жөн. Жоғарыда көрсетілген мағынадағы сөздерді пайдалану қызметкердің ниетін неғұрлым түсінікті етеді және оның іс-әрекеттеріне қатысты тиісті нәтижелердің болатынын көрсетеді;

содан кейін тиісті персоналға және басшыларға жұмыстардың тоқтатылуына байланысты туындаған жағдай туралы хабарлау керек. Қажет болған кезде ілеспе жұмыстарды жүзеге асыруды тоқтату, адамдарды тиісті аймақтан шығару, жағдайды тұрақтандыру үшін шаралар қабылдау керек және аталған аймақта барынша қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету керек;

мүдделі тараптар жұмыстардың тоқтатылуына байланысты туындаған жағдайды талқылауы және оған қатысты келісімге келуі тиіс;

егер нәтижесінде мүдделі тараптар келісімге келіп, міндеттерді немесе операцияларды орындау өзгеріссіз жалғастырылуы мүмкін деп белгілесе, (мысалы, егер жұмыстарды тоқтатуға бастамашы нақты бір факторлар немесе рәсімдер туралы хабардар еместігі анықталса) жағдайға тартылған адамдар бастамашыға алаңдаушылық білдіргені үшін алғыс айтып, жұмысты жалғастыру керек;

егер мүдделі тараптар келісімге келген болса және жұмысты тоқтату негізделген сипатта болды деп белгілесе, жұмыстарды қайта бастаудың

алдында тартылған тұлғаларды қанағаттандыру проблемасын шешу үшін барлық күш-жігерімізді салу керек;

егер жұмыстардың тоқтатылуымен байланысты мәселені дереу шешу мүмкін болмаса, жұмыстарды проблема тиісінше шешілгенге дейін тоқтата тұру керек. Егер мүдделі тараптардың жұмыстарды тоқтатудың негізділігі немесе оны шешу бойынша іс-қимылдардың жеткіліктілігі мәселесі бойынша пікірлері әртүрлі болса, түпкілікті шешімді орналасқан жердегі жауапты тұлға (тапсырма басшысы) қабылдайды. Проблеманы шешу бойынша пікірлер мен іс-қимылдардағы айырмашылықтар туралы егжей-тегжейлі деректерді тиісті құжатталған есепке қосу керек;

әсер еткен персоналға жұмыстардың тоқтатылуын тудырған проблеманы шешкені үшін алғыс жариялаған жөн. Осы рәсімге сәйкес қандай жағдайда болмасын, қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын адал жүзеге асырған адамға (адамдарға) қандай да болмасын жаза қолданылмауы тиіс.

5.3 Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығы және мердігерлер

Мердігерлердің адамдардың өмірі мен денсаулығына, олардың мүлкінің сақталуына немесе жағдай қоршаған ортанының жай күйіне тікелей қауіп төнгені анықталған жағдайда қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын іске асыруға қатысты жауапкершілік пен өкілеттіктер саласы Компания қызметкерлерінің жауапкершілік пен өкілеттіктері саласымен толығымен сәйкес келеді.

Бұдан басқа, мердігерлер Компанияның өкілін қауіпсіз емес жұмысты тоқтату және мұндай тоқтатудың себептері туралы дереу хабардар етуі тиіс, мердігердің өкілімен барлық туындаған мәселелерді шешуде өзара әрекеттесуді қамтамасыз етіп, келісімге келуге жұмыстарды қайта бастауға қатысты келісімге келуі керек. Компанияның өкілімен тікелей қауіптің көзін жою және оның қайта пайда болуын азайту бойынша іс әрекеттерді үйлестіру үшін тиісті шаралар қабылдау керек.

5.4 Жұмысты тоқтату құқықтарына қатысты қайшылықтарды шешу

Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату немесе қалпына келтіру туралы шешім қабылдауға араласудың негізділігіне қатысты пікірдегі қайшылықтар кезінде тиісті өкілеттіктері бар (мысалы, Компанияның жоғары деңгейдегі басшылығы, ЕБ, ҚТ және ҚОҚ менеджерлері), бірақ даудың тараптары болып табылмайтындар туындаған қайшылықтарды тиісінше шешу үшін тиянақты хаттамалық құжаттаманы әзірлеуі тиіс.

Мұндай мәселелерді шешу мақсатында жоғарыда көрсетілген шарттарға сәйкес келетін тұлғалардың аталған қайшылықтар туындаған жерде тұрақты орналасуы міндетті емес.

5.5 Есептілік

Жұмыстарды тоқтатудың барлық жағдайлары ресми құжатталуы және тиісті есептілікте көрсетілуі тиіс, оның нәтижелері мыналар болып табылады:

- қызметкерлердің қатысу деңгейін өлшеу;
- араласу сапасын анықтау және кейінгі бақылау;
- жиі кездесетін жағдайларды талдау және өндірістік процесті жетілдіру үшін мүмкіндіктерді айқындау;
- алынған тәжірибені алмасуға жәрдемдесу;
- көтермелеу бағдарламаларын дамыту.

ЖТ бойынша есептілік үшін оқиғалар туралы есеп берудің қолданыстағы процестері пайдаланылады.

Таңдап алынған есеп беру әдісіне тәуелсіз процестің аяқталғанын және құндылығын көрсету мақсатында жұмысты тоқтату мақсатындағы араласулар туралы егжей-тегжейлі деректердің жеке жүргізілуін қамтамасыз еткен жөн.

5.6 Кері байланыс

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі проблемалар анықталған қауіпсіз емес жұмысты тоқтату оқиғаларын тартылған барлық тұлғаларды қанағаттандыру үшін жұмыстар басталғанға дейін дереу қарастыру керек. Көптеген мәселелерді жұмыстарды жүргізу учаскесінде жеткілікті дәрежеде шешуге болар еді, кейбір жағдайларда бастапқы себептерді анықтау және оларды жою үшін тексеру немесе түзету шараларын қосымша жүзеге асыру қажет болуы мүмкін. Түзету шараларын дәйекті түрде және аяғына дейін орындау керек.

5.7 Жетістіктерді тану және көтермелеу

Компанияда қабылданған жетістіктерді тану және көтермелеу мәдениетіне сәйкес қалаған іс қимылды (яғни, қауіпсіз емес жұмысты дер кезінде тоқтату және мұндай жағдайғаларға әрекет ету) белсенді бекіту үшін көтермелеу мен марапаттау бағдарламасын әзірлеген жөн. Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын пайдаланып жүрген жекелеген қызметкерлер мен жұмыс ұжымдарын көтермелеу үшін Компанияның саясатына сәйкес келетін саналы, сындарлы шараларын қолдану керек.

Көтермелеу үшін көптеген мүмкіндіктер бар, мысалы:

- қауіпсіз емес жұмысты тоқтату мақсатында араласудың әрбір жеке фактісіне басшы тарапынан білдірілген оң пікір;
- қауіпсіз емес жұмысты тоқтатудың негізделген оқиғаларын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша кеңестерде тұрақты атап айтып отыру;
- Компания деңгейінде қауіпсіз емес жұмысты тоқтатудың маңызды негізделген оқиғаларын Компанияның жаңалық таратылымдарында,

бюллетеньдерінде және басқа да хабарламаларында көпшілік алдында мойындау.

- жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша белсенді, бастамашыл ұстанымы үшін наградалар тағайындау. Жұмыстарды тоқтату мүмкіндігі жіберіп алған жағдайларда жетістіктерді мойындау және кері байланыс әр қызметкердің оқыс оқиғалардың қайталанбауының алдын алу үшін аталған рәсімнің маңыздылығы мен мәнін түсінуіне қол жеткізуге көмектеседі.

5.8 Оқыту

Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын жүзеге асыру жөніндегі рәсімімен таныстыру бойынша оқу курсы тиісті күту және процестерімен әзірлеу керек және оны персоналдың аталған мәселеде құзыреттілікке қол жеткізу үшін қажетті кезеңділікте өткізуп отыру. Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын жүзеге асыру рәсімін қол жеткізу мен рұқсатнамаларды қажет ететін барлық қызметкерлер өтетін бастапқы кіріспе нұсқаманың бір бөлігі болып табылады.

5.9 Аспаптар

Қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын жүзеге асыру жөніндегі оқу жаттығулары мұндай құқықты сенімдірек пайдалануға және аталған іс-әрекеттерді орындауға арналған іс-қимыл моделін пысықтауға мүмкіндік береді.

5.10 Ақпаратпен алмасу және персоналды оқыту

Қауіпсіз емес жұмысты қажет кезінде тоқтату қабілеті жұмыстарды қауіпсіз жүргізудің ең маңызды шарты болып табылады. Сонымен қатар, жұмыстарды тоқтату жөніндегі құқықтарды жүзеге асырудың тиімді рәсімі тиісті күтулерді жазбаша және ауызша растаудан тұрады. Осы мақсатқа көптеген тәсілдермен қол жеткізуге болады, соның ішінде жұмыс басталғанға дейін жұмыс орнындағы нұсқамалар, жұмыс орындарындағы ЖҰЖ бойынша плакаттар, ЖҰЖ бойынша есептер және оқу жаттығулары.

Мұндай болжауларды нығайту үшін Компанияда ақпаратпен алмасудың тиімді аспаптары, жаднамалар және плакаттар әзірленген. ЖҰЖ бойынша ақпарат та еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқыту, нұсқаулықтар өткізу барысында қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

5.11 Бастамашылық деңгейін өлшеу

Жұмыс орындарында қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін оны пайдаланудың маңыздылығын тану және бағалау керек. ЖТ бойынша қызметті құжаттандыру және ақпаратпен алмасу үшін осы Қағидаға 2-қосымшада көрсетілген нысан пайдаланылуы мүмкін. Тұрақты шолу циклы шеңберінде «қатерлі» іс-қимылды жан-жақты талдауды жүргізіп тұру.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласында қауіпсіз іс-қимыл диалогын ұйымдастыру қағидасы	
--	--

1.0 редакция	25 беттің 25-беті
--------------	-------------------

Библиография

[1] «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Төрағасының 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 50-Ц бұйрығымен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында сәйкессіздіктерді, ұсынымдарды басқару және түзетулерді, түзетуші іс-әрекеттерді жүзеге асыру қағидасы.
